

# «BI STORIES» БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

## (ЖАРИЯ ОФЕРТА)

### 1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы құжат BI Group-тың (бұдан әрі — Ұйымдастырушы) жария офертасы болып табылады және «BI Stories» бағдарламасына (бұдан әрі — Бағдарлама) қатысу шарттарын айқындайды.
- 1.2. Бағдарлама сайтында сауалнаманы толтыру және жіберу осы офертаның акцепті болып саналады.
- 1.3. Акцепт жасалған сәттен бастап Қатысушы осы Шарттарды ешқандай ескертусіз толық көлемде қабылдаған болып есептеледі.

### 2. Бағдарламаның мақсаты

- 2.1. Бағдарлама келесілерге бағытталған:
  - клиенттердің қанағаттану деңгейін арттыру (NPS);
  - тұрғындардың адал қауымдастығын қалыптастыру;
  - пайдаланушылардың оқиғалары мен пікірлерін құру және тарату.

### 3. Қатысушыларға қойылатын талаптар

- 3.1. Қатысушы 18 жасқа толған және келесілердің бірі болып табылатын жеке тұлға болады:
  - BI Group жылжымайтын мүлкінің меншік иесі;
  - объектіні жалға алушы немесе пайдаланушысы.
- 3.2. Қатысушы ұсынылған деректердің дұрыстығына кепілдік береді.

### 4. Қатысу тәртібі

- 4.1. Қатысу үшін Бағдарлама сайтында сауалнаманы толтыру қажет.
- 4.2. Сауалнаманы жіберу:
  - жарияланымдарға қатысуға;
  - қандай да бір артықшылықтар немесе сыйақылар алуға кепілдік бермейді.
- 4.3. Ұйымдастырушы:
  - қатысушыларды іріктеуге;
  - өтінімдерді себептерін түсіндірмей қабылдамауға құқылы.

### 5. Дербес деректер

- 5.1. Қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес деректерін жинауға, өңдеуге және сақтауға келісім береді.
- 5.2. Деректер тізбесіне мыналар кіреді:
  - тегі, аты, әкесінің аты;
  - байланыс деректері;
  - тұрғылықты жері туралы мәліметтер;
  - фото, бейне және өзге де материалдар.
- 5.3. Өңдеу мақсаттары:
  - Бағдарламаны іске асыру;
  - Қатысушымен байланыс орнату;
  - маркетингтік және жарнамалық іс-шаралар.
- 5.4. Қатысушы Бағдарламаны іске асыруға тартылған үшінші тұлғаларға (мердігерлерге) деректерді беруге келісім береді.
- 5.5. Келісім Қатысушы оны кері қайтарып алғанға дейін қолданылады.

### 6. Бейнені және контентті пайдалануға келісім

- 6.1. Қатысушы Ұйымдастырушыға ұсынылған барлық материалдарды өтеусіз пайдалануға құқық береді.
- 6.2. Ұйымдастырушы:

- материалдарды жарнамада, әлеуметтік желілерде, БАҚ-та пайдалануға;
  - оларды редакциялауға, бейімдеуге және өңдеуге;
  - Қатысушының атын көрсетпей пайдалануға құқылы.
- 6.3. Пайдалану мерзімі — шектелмеген. Аумағы — шектелмеген.
- 6.4. Қатысушы:
- материалдарға барлық құқықтарға ие екенін;
  - оларды пайдалану үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзбайтынын растайды.
- 7. Зияткерлік меншік**
- 7.1. Қатысушы ұсынған барлық материалдарды Ұйымдастырушы сыйақы төлемей пайдалана алады.
- 7.2. Қатысушы материалдарды пайдалануға байланысты кез келген мүліктік талаптардан бас тартады.
- 8. Жауапкершілік**
- 8.1. Қатысушы:
- ақпараттың дұрыстығына;
  - ұсынылған материалдардың заңдылығына жауап береді.
- 8.2. Үшінші тұлғалардың талаптары туындаған жағдайда, Қатысушы оларды өз бетінше реттеуге міндеттенеді.
- 8.3. Ұйымдастырушы:
- техникалық ақаулар үшін;
  - өзіне байланысты емес себептермен қатысу мүмкін еместігі үшін жауап бермейді.
- 9. Шарттарды өзгерту**
- 9.1. Ұйымдастырушы осы Шарттарды біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы.
- 9.2. Өзекті нұсқа сайтта жарияланады.
- 10. Қолданылатын құқық**
- 10.1. Осы Шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.
- 10.2. Даулар Ұйымдастырушының орналасқан жері бойынша сот тәртібімен қаралады.

*Сауалнаманы жібере отырып, мен «VI Stories» бағдарламасына қатысу шарттарымен танысқанымды және келісетінімді растаймын, менің дербес деректерімді өңдеуге, сондай-ақ мен ұсынған материалдарды (фото, бейне және пікірлерді қоса алғанда) VI Group-тың мерзімі мен аумағы бойынша шектеусіз маркетингтік және жарнамалық мақсаттарда пайдалануға келісім беремін.*